

"Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және Коммуникация министрінің 2008 жылғы 22 қыркүйектегі N 440 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 13 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5336 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 359 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.08.13 № 359 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдауды жүзеге асыру үшін тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру тәртібін және рұқсат беруден бас тарту негіздерін жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2558 нөмірмен тіркелген және 2003 жылғы N 43-48, 895-б Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық бюллетенінде жарияланған, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" 2004 жылғы 3 тамыздағы N 139 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3029 нөмірмен тіркелген), "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және

коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 12 қаңтардағы N 4 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3439 нөмірмен тіркелген және 2005 жылғы 21 қазандағы N 195-196 (929-930) "Заң газетінде" жарияланған), "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 28 ақпандағы N 28 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4130 нөмірмен тіркелген және 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 61-62 (1041-1042) "Заң газетінде" жарияланған), "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 3 шілдедегі N 126 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4316 нөмірмен тіркелген және 2006 жылғы 11 тамыздағы N 147 (1127) "Заң газетінде" және 2006 жылғы 21 қазандағы N 43 (305) "Ресми газетте" жарияланған); "Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы N 502 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 27 наурыздағы N 55 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4621 нөмірмен тіркелген және 2007 жылғы мамырдағы N 5, 258-б, Нормативтік құқықтық кесімдердің бюллетенінде жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тарту ережесінде:

4-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

5 - т а р м а қ т а :

бесінші абзац "немесе әуе кемесінің ұшу жарамдылығының сертификатын тану туралы шешімі" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы "және әуе кемесінің сақтандыру куәлігі" деген сөздер алынып тасталсын;

оныншы абзацтағы "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне/әуе кеңістігінен кіру және шығу нүктелерімен" деген сөздер алынып тасталсын;

он екінші абзац алынып тасталсын;

8-тармақтағы екінші бөлік "Қазақстан Республикасының немесе шетел мемлекетінің заңнамасына не делдалдық қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес берілген сенімхат негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

10 - т а р м а қ т а :

жетінші абзац "және олардың саны;" деген сөздермен толықтырылсын;
тоғызыншы абзац "ұшу бағытындағы" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша," деген сөздермен толықтырылсын;

12-1-тармақтағы "қысқартылу" деген сөздерден кейін ", жұмыс күнінің аяқталуына дейін екі сағаттан кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақтың 4-тармақшасының төртінші абзацы "салмағы және" деген сөздерден кейін "/немесе" деген сөзбен толықтырылсын;

14-тармақтың 5-тармақшасының төртінші абзацы "және салмағы" деген сөздерден кейін "/немесе" деген сөзбен толықтырылсын.

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қазақстандық пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне тұрақты емес ұшулар орындауға рұқсат беру осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді және оны Азаматтық авиация комитетінің төрағасы не оның орынбасары, басқарма бастығы бекітеді.

Рұқсат нөмірі жүйелі түрде рұқсаттың реттік нөмірін беру арқылы және берілген күнінен құралады."

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Шетелдік пайдаланушылардың әуе кемелеріне тұрақты емес ұшулар орындауға рұқсат беру осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді және оны Азаматтық авиация комитетінің төрағасы не оның орынбасары, басқарма б а с т ы ғ ы б е к і т е д і .

Рұқсат нөмірі осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес әуе кемесін пайдаланушының тіркелу мемлекетінің реттік кодын беру арқылы, авиациялық әкімшіліктің ағылшын тіліндегі аббревиатурасынан, рұқсаттың реттік нөмірінен және берілген күнінен құралады."

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (М.М.Қубаев) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ.Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Министр

С.Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК